



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

сұйылтасыз. Айта берсек, наурыздың жөн-жоралғылары өте көп. Қазақстанның төрт түкпірі түрліше тойлайды. Бірақ, қалай болғанда да, жақсылықтың аты - жақсылық, тойдың аты - той.

«Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл» демекші, салт-дәстүрлерден халықтың мінез-құлқы, үлгі-өнегесі, зейін-зердесі, даналығымен даралығы, шешендігі мен тапқырлығы, ақыл-ойы, сондай - ақ, жаратушы мен жаратылысқа, өзін қоршаған жанды, жансыз әлемге деген моральдық, танымдық, этикалық көзқарастары көрінеді. Яғни, осыдан байқағанымыз қанша ұқсастықтар болса да, әр халықтың өзіндік ерекшеліктері бар.

Қолданылған Әдебиет

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «[Қазақ энциклопедиясы](#)» Бас редакциясы, 1998 жыл.
2. Мәдениеттану: жоғарғы оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған.
3. Энциклопедия нового Китая, М., 1989.
4. Попов Е.В. Введение в культурологию. М., 1995.

ҚР МЕН ҚХР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Жумабекова Әсел Азимханқызы

asel_47_96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 2-курс студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Жылқыбекұлы

Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасымен қатынасы белгілі мағынадан айтқанда тарихи дәстүрдің жаңа сипаттағы жалғасы, Қазақ хандығы мен Қытай арасындағы тікелей байланыс кезеңінен басталған. XIX ғ. екінші жартысында туындаған геосаяси өзгерістердің нәтижесінде Қазақ хандығы жойылып, Ресей империясының отарына айналды. Содан Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас Қытайдың Шыңжаң өлкесі арасындағы өлкеаралық байланыстар сипатында дамыды. 1991 жылғы шілдеде Н.Назарбаев Қазақ КСР-ның Президенті ретінде Қытайға алғашқы сапарын жасайды. Тарихта бұл сапар болашақтағы Қытай-Қазақстан қатынастарының орнатылуына өте үлкен үлесін тигізді деп санауға болады. Екі жақты жүргізілген келіссөздер барысында маңызды құжатқа – Қазақ КСР мен ҚХР-ның арасындағы ынтымақтастықтың даму принциптері мен негізгі бағыттары туралы Келісімге қол қойылды. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары әлемдік арнаға шығуға халықаралық қатынастар мен құқықтарға құқылы жеке субъект ретінде мүмкіндік алды. Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға кіруі, маңызды халықаралық келісімдерге біртіндеп ене бастауы, халықаралық қатынастарға белсене араласуы Қазақстанның халықаралық мүддесінің өсуіне жол ашты. Қазақстан Республикасының мол табиғи байлығы, геополитикалық жағдайы, ішкі саяси тұрақтылық шетел мемлекеттерінің біріккен қаржы және кәсіби дамыған орталықтары тарапынан қызығушылық туғыза бастады. 1990 жылдардың өзінде Қазақстан Қытайдың Орта Азиядағы ең тұрақты серіктесіне айналды. Еліміз Егемендік алумен бірге Қазақстан дипломатиясының алдында негізгі жауапты кезеңдер күтіп тұрды. Оның бірі – мәдениеті мен мемлекеттік құрылымы ерекше үлкен саяси салмағы бар көршілес Қытай мемлекетімен арадағы екі жақты қарым-қатынасты мемлекетіміз үшін тиімді түрде анықтап алу болды.

Қытай Халық Республикасы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін дипломатиялық тұрғыдан таныған ең алғашқы мемлекеттердің бірі. 1992 жылғы 3 қаңтарда екі мемлекет арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнатылғаннан бері, екі жақты

ынтымақтастықты дамытуға бағытталған құқықтық негіз қаланып, мемлекеттік, үкіметаралық және мекемеаралық маңызды құжаттарға қол қойылуына жол ашылды. ҚХР мен ҚР арасында қол қойылған шарттық-құқықтық құжаттар, ең алдымен, халықаралық құқықтың тәуелсіз субъектілерінің қарым-қатынастарын реттестіруге және болашақтағы өзара тиімді ынтымақтастықты орнатуға бағытталды. ҚХР мен ҚР-ның сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастығын арттыруға екі елдің географиялық жақындығы, табиғи және экономикалық мүмкіншіліктері өз әсерін тигізді. Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасында дипломатиялық қарым-қатынастарды орнату туралы Бірлескен Коммюникеге сай: «Екі ел халықтарының мүдделері мен армандарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қытай Халық Республикасының Үкіметі екі мемлекет арасында 1992 жылғы 3 қаңтардан бастап елшілер деңгейінде дипломатиялық қарым-қатынастарды орнатуды ұйғарды. Екі ел үкіметтері егеменділікті және аумақтық тұтастықты өзара құрметтеу, өзара шабуыл жасамау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік пен өзара тиімділік, сондай-ақ бейбіт қатар өмір сүру принциптері негізінде екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастарын дамытуға келісті».

Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы шекара мәселесі тұңғыш рет 1992 жылы көтеріліп, ұзаққа созылған екі жақты келіссөздер барысында шешілді. Екі мемлекеттің арасындағы мемлекеттік шекара 1994 жылғы «Қытай-Қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы келісім» және 1997 жылғы «Қытай-Қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы Қосымша келісім» арқылы реттестірілді. ҚХР мен ҚР арасындағы мемлекеттік шекараны реттестіру мәселесіне байланысты қол қойылған құжаттар мемлекеттердің шекарадағы тұрақты жағдайды қалыптастыруға, қандай да бір болмасын қарулы қақтығыстарды болдырмауға, екі елдің достық қатынастағы байланыстарының дамуына ықпал жасады.

XX ғ 90-шы жылдардың басында Қытай Халық Республикасы тәуелсіздік алған Қазақстан Республикасымен сауда-экономикалық қатынастарын қайта жаңдандырып, бұрынғы қалпына келтіруге тырысты. Экономикалық тұрғыдан алып қарайтын болсақ, ҚХР мен ҚР арасында тығыз сауда-экономикалық қатынастарды орнату екі жаққа да тиімді болып отыр. Қазақстан Республикасынан ҚХР-ға қара және түсті металдар, минералды тыңайтқыштар, мақта және тері шикізаттары экспортталса, ал Қытайдан ҚР-на машиналар мен түрлі техникалық жабдықтар, химиялық өнімдер, пластмассалық бұйымдар, электротехника құралдары, дәрі-дәрмек, тоқыма және көпшілік тұтынатын тауарлар импортталады. Екі мемлекет арасындағы дәстүрлі сауда-экономика саласына жаңадан мұнай саласы қосылды. Қытай үкіметі Қазақстан Республикасының болашақта мұнай және газ өнімдерін тасымалдаушы ірі мемлекеттердің біріне айналатындығына үлкен сенім артады.

Қытай Халық Республикасы шекара аймағында қауіпсіздікті қамтамасыздандыру мақсатында бұрынғы кеңестік республикалармен – Ресей Федерациясымен, Қазақстан Республикасымен, Қырғыз Республикасымен, Тәжікстан Республикасымен «4+1» форматындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруға бел байлады. 1996 жылғы бес мемлекет арасында қол қойылған «Әскери сала бойынша шекара маңындағы сенімді нығайту туралы келісім» және 1997 жылғы «Шекара ауданында қарулы күштердің санын бірлесіп қысқарту туралы келісім» «Шанхай бестігі» ұйымның негізін қалаушы құжаттар ретінде белгіленіп, оған мүше мемлекеттердің ұлттық мүдделеріне толық сай келді. «Шанхай бестігі» ұйымы бес мемлекеттің қауіпсіздік, сауда-экономика, энергоқорлар салаларында ұзақ мерзімді ынтымақтастықты нығайту, сонымен қатар этникалық сепаратизммен, діни экстремизммен және халықаралық лаңкестікпен бірлесіп күрес жүргізу бағытында келісімге келуге әсерін тигізді. Қарастырылатын мәселелер кешенінің және ұйымға мүше елдер санының ұлғаюына байланысты 2001 жылғы маусымда «Шанхай бестігі» ұйымы «Шанхай ынтымақтастық ұйымы» деп аталатын толық қанды саяси ұйымға айналды. Ұйымның басым бағыттары ретінде мүше елдердің арасында өзара сенімділік, достық, тату көршілік сенімдерін дамыту, саясат, сауда-экономика, ғылым және техника, мәдениет, білім, энергетика, көлік, экология

және басқа салаларда қарым-қатынас жағдайын арттыру, аймақтағы бейбітшілік және қауіпсіздікті сақтау, жаңа демократия, әділет, тиімді саясат және экономикалық халықаралық тәртіпті орнату белгіленді.

1996 жылдан бастап Қытай Халық Республикасы және Қазақстан Республикасы «Шанхай бестігінің», соңынан «Шанхай ынтымақтастық ұйымының» құрамында бірігіп, саяси-әскери саладағы ынтымақтастықтың әр түрлі бағыттары бойынша қарым-қатынас жасау үстінде ҚХР мен ҚР-ның өңірлік ұйымның аясындағы ынтымақтастығы аймақтың тұтастығын сыйлау, аймақтағы әскери-стратегиялық қауіпсіздікті дамыту, мемлекеттік шекараны бұзбау, ядролық қаруды қолданбау және сенім шараларын нығайту бағыттарына негізделген. Сонымен қатар екі елдің осы бағыттағы ынтымақтастығы лаңкестіктің, сепаратизм мен экстремизмнің қатерлерімен бірлесіп күрес жүргізудегі маңызды мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік береді. Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы екі жақты және көп жақты форматтағы әріптестігін арттырудағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының рөлі аса ерекше деп тұжырым жасауға болады. ШЫҰ-ның шеңберінде ҚХР мен ҚР арасындағы аймақтық қауіпсіздікті, шекара ауданындағы тұрақтылықты және өзара сенім шараларын күшейтуге, екі жақты тиімді сауда-экономикалық қарым-қатынастарды дамытуға жағдай жасалынды. Қытай мен Қазақстан Республикасы ШЫҰ-ның негізгі ұйымдастырушыларының бірі бола тұра, осы ұйымның халықаралық сахнадағы орнын арттыруға әлі күнге дейін өз үлесін қосуда.

XX ғ. 90-шы жылдарының басында КСРО-ның ыдырауы және саяси картада жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатына үлкен әсерін тигізді. Әрине, Орталық Азия өңірінде қалыптаса бастаған жаңа геосаяси жағдай, сонымен қатар саясат саласындағы көп салалық, ал экономика саласындағы жаһандану сияқты бағыттар ҚХР-ның сыртқы саясатын асыруға қолайлы жағдай туғызды. Қытай Халық Республикасы Орталық Азия мемлекеттерінің арасында жетекшілік рөлді өзінің мәңгі және тұрақты көршісі Қазақстан Республикасына беріп, 1992 жылғы қаңтардан бастап біздің елімізбен елшілер деңгейінде қарым-қатынастарды орнатқан алғашқы мемлекеттердің бірі. Қазіргі таңда Қытай-Қазақстан қарым-қатынастары тұрақты сипат алып, жоғары деңгейдегі терең түсіністік және сыйластық жағдайында дамуда. Өзара тиімді байланыстарды орнатуға Қытай Халық Республикасы да, Қазақстан Республикасы да аса мүдделі болып отыр. ҚХР мен ҚР арасында орнатылған қарым-қатынастар жаңа кезеңге аяқ басып, аймақаралық ынтымақтастықтың жаңа нысандағы үлгісі ретінде дамыды. Алдағы уақытта Қытай мен Қазақстанның тығыз байланыстары сауда-экономика саласында, әсіресе энергетика саласында байқалатын болады. Егер Қытай Халық Республикасы Қазақстан Республикасын негізгі мұнайды экспорттаушы мемлекет ретінде қабылдаса, ал өз кезегінде Қазақстан Республикасы әлемдік теңіз жолдарына шығу мүмкіндігі бар Қытаймен қарым-қатынастарды дамытуға мүдделі. Екі мемлекеттің осы саладағы ынтымақтастығының одан әрі нығайуына әрқайсысының экономикалық деңгейде гүлденуіне аймақтағы тұрақтылық және қауіпсіздік жағдайы аса үлкен рөл атқарады. Екі мемлекет арасында дипломатиялық ынтымақтастықтың шарттық-құқықтық негізі қаланып, екі жақты саяси, сауда-экономикалық, мәдени байланыстардың дамуына жол ашылды.

Қолданылған әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына арналған жолдауы // Егемен Қазақстан, 1998., қазан.
2. Совместное Коммюнике об установлении дипломатических отношений между Китайской Народной Республикой и Республикой Казахстан (1992-2002гг.). Пекин, 2002. 126с.
3. Токаев К.К. Под стягом независимости. Алматы: Білім, 1997. 193с.
4. Алдабек Н.А. Тарихы талқыға толы Шыңжаң. Алматы: Қазақ университеті, 2003. 432 б.
5. Кушкумбаев С. Центральная Азия на путях интеграции: Геополитика.

ӘОЖ 811.581'367.627:81'255

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ САН ЕСІМДІ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ АУДАРЫЛУЫ

Ислам Мәдина Ескендірқызы

Imadina.94@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, филология факультеті, қытай филологиясы мамандығының IV курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Д. Мәсімханұлы

Қытай тілін ана тілі ретінде қолданатындардың менталитеті батыс тілінің өкілдерінің ой-өрісімен салыстырып қарағанда байқайтынымыз, қытай тілі менталитеті үшін нақтылықтың маңыздылығы жоғары. Қытайлық үшін “Ең маңызды міндеттердің бірі...”-деген фразаның еш мәні жоқ, ал егер бұл жерде ең маңызды мәселенің көлемі айтылса, олардың нақты қаншасы маңызды мәселелердің категориясына жатқызуына болатынын, сонымен қатар маңызды мәселелердің арасында ол қандай орын алып жатқаны айтылса ғана, ол фраза қытайлық үшін қажет мағынаға ие болады. Мысалы, “Төрт маңызды мәселенің ішінде үшіншісі ең маңызды болып...” – деген фраза қытайлықтың тілдік санасы тұрғысында, осылай қолданысқа түсіру фомасы дұрыс болып есептеледі. Қытайлықтардың тілдік санасы тұрғысынан барлығын есептеп ретке келтіру аксиома ретінде қабылданады. Осы аксиоманы дәлелдейтін лингвистикалық материалдарды жинау идеясы кездейсоқ пайда болды: қытай сөздерінің ішкі формаларына анализ жасау барысында, біздің назар аударғанамыз – сөздердің құрамында сандардың жиі қолданылуы. Осыған орай қытай сөздерінде сандарды қолданудың мысалдарын жинау идеясы пайда болды. Осылайша зерттеушілер үшін лексикалық материалдар өте қызықты болып көрінді, сондықтан олар алдымен оны жүйелендірмекші болды, содан кейін осы қызықты фактінің негізінде қытайлық тілдік санаға ғана бейімделген менталитет ерекшелігі жасырылып жатыр ма? - деген сұраққа жауап іздеді.

Анна Вежбицкаяның айтуынша, ұлттық тіл мен дәстүрлі ойлау әдісінің ерекшеліктері фактілерінің арасындағы корреляцияларды іздеуде қалыптасқан мәдени стереотиптерден олардың суреттеуіне өту тұрғысынан емес, керісінше тілдік жүйені алалықсыз бақылаудан жалпылауға өту керек. Дәл осы принципті зерттеушілер ұсынған.

Дәстүрлі қытай философиясында сандық жүйе “нумерология” өте маңызды рөл атқарып қана қоймай, сонымен қатар ол халықтың тілдік санасына өз ықпалын қосады. Сандардың сиқырлығы қытай сөздерінің ішкі формасына, сөз тіркесіне, мақал–мәтелдеріне және нумерологиялық формулаларына ықпал етіп, осының нәтижесінде қытай тілінің басқа тілдерге қарағанда, сөз жасау кезінде сандар элементтерін жиі пайдалануға алып келді.

Қытай тіліндегі лексико–фразеологиялық жүйесінің құрылыс материялы ретінде қолданылатын сан есімдерді үш топқа бөлген:

- 1) Жеке сөздер мен сөз тіркестерінің ішкі формасына кіретін сан есімдер;
- 2) Мақал–мәтелдер арасында қолданатын сан есімдер;
- 3) Өзіндік құрылымы бар жоғарыда айтып кеткен “формула - предписаний” сан есімдер.

Егер қазақ тілімен салыстыратын болсақ, қазақ тіліндегі лексико– фразеологиялық жүйелер классификациясы толығымен екі топқа бөлінетіндігін байқауға болады. Бірінші топқа осындай типті сөздерді жатқызуға болады. Мысалы: бірауызды, бір пікірлес, бір енеден, бір басшылық, екі жүзділік, екі жақты, екі ағайынды т.б. Ал, екінші топқа мақал – мәтелдерге лайықты форма түрін жатқызамыз. Мысалы: екіде екім; жеті рет өлшеп, бір рет кесу; тоғыз рет ойланып, тоқсан рет толғанды; тоғыз қырлы тоқсан бір сырлы; тоғыз айып